

МҰХТАРДЫҢ ДӘРІСТЕРІ

Көрнекті абайтанушы және мұхтартанушы ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Мекемтас Мырзахметұлының «Әуезов және Абай» (Алматы: Қазақстан, 1996.-272 б.) атты монографиясындағы «Ұстаздық еткен жалықпас» деген мақаласында ұлы жазушының ұстаздық жолының тарихы таратылып берілген. Сонау Семей техникумынан басталып ҚазПИ (1932-1949), КазМУ (1942-1961) (Ескеретін жәйт - М.Әуезов.Шығармаларының елу томдық толық жинағы.44-т. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі,2010.-320бет.283-ші бетінде берілген Е.Қаныкейұлының Ғылыми түсінігінде (1934-1961 деп берілген Г.П), МГУ-де әр жылдары дәріс оқығаны, оның шәкірттері,дәріс оқудағы даралық қасиеттері жөнінде көптеген құжатты мәліметтер береді.Сондай-ақ жазушы архивінде сақталған жазба деректер,студенттердің емтихан тапсыру, баяндама жасау, олардың бағалануы сияқты толып жатқан оқу жүйесіне қатысты құжаттардың да құндылығын қаламгердің ұстаздық ұлағаты, шәкірт алдындағы ұқыптылығы мен жауапкершілігімен байланыстыра баяндайды (224-229 бб). Зерттеуші: «М.Әуезовтің лекция оқуындағы ерекшелік – оқылар дәріске үздіксіз даярлық пен ғылыми-зерттеу жұмысын ұштастыра жүргізуінде жатыр.Бұл жағдай оқылатын лекцияның құнын арттырып отырған.Мұхтар даяр деректі жүйелеп қана беретін ұстаздар типінен бөлекше жатыр.Ол ғылым саласын өзі жасап, оны жас ұрпаққа өзі үйретуші, интеллектуальдық жағынан үздіксіз өсу үстіндегі ұстаздардың көш басшысы бола білген саңлақ ұстаз дәрежесіне көтерілді» - дей келіп, М.Әуезовтің ЖОО-да тұңғыш рет абайтану курсына енгізгені және осы лекциялар негізінде алғаш рет арнаулы «Абай Құнанбаев» деген монографиялық зерттеу жазғаны жөнінде танымдық материалдар береді.

Кемеңгер жазушының әр сөзі мен жазған қолтаңбасы ұлт руханияты үшін қаншалықты құнды екендігін ескерер болсақ, ғұлама ғалымның дәрістерін тындап, жазып алған шәкірттерінің де дәптерлері қымбат қазына болмақ. Мысалы, тілтанушы ғалымдар Шора Сарыбайдың «Лекция-1948-1949жж.» деген 47 томға енген дәріс дәптерлері (377 б.) мен 1946 жылғы 3-курс студенті Рәзия Рүстембекованың абайтанудан жазған конспектілерінің сөз жоқ, бүгінде бағасы жоғары (ЛММА архиві, 331-п,152-б). Олардың қатары әлі де болса көбейе түссе ұлтымыздың рухани қазынасы да қордалана түсері сөзсіз.Өйткені зерттеуші М.Мырзахметұлы айтқандай: «Лекцияны әуелі бөгеліңкіреп барып бастағанымен қыза келе сөз ағыны мен ой тасқыны, тың да соны деректердің нәсері тыңдаушысын үйіріп әкетіп, сілтідей тындыратын ұстаз бейнесі шәкірт атаулының әлі күнге дейін көз алдында.Ұстаз шабыты дәріс үстінде көбінесе тыңдаушыларының ыстық ықыласы мен рухани талабына қарай өрістейтіні жұртшылық аузында көп айтылатыны» рас болса, сол сәтте ой ағынымен айтылып, еш жерде жазба түрде қалмаған құнды ойлары болуы да мүмкін.Өрі мұндай сәттердің лекторлардың тәжірибесінде молынан кездесетіні де табиғи заңдылық. Сол қазыналы ойлардың бірде болмаса да бірі сол шәкірттерінің дәптерлерінде қалуы да ғажап емес. Бұл – әрине, ойланарлық мәселе (М.Мырзахметұлы, «Әуезов және Абай» Алматы: Қазақстан, 1996.-272.-226 б.).

Телегей теңіз білім иесі ғұлама ғалым, данагөй дарын Мұхтар Әуезовтің дәрістерін тындаған шәкірттері мен оның түрлі дәрежеде мәжілістерде сөйлеген сөздерін естіген ел-жұрттың аңыз етіп айтатыны да сондықтан . Оны өзгеден емес, бір ғана Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» деген роман-эссесінен оқып, « естіген жұрт аузын ашып, көзін жұматын ғажайып даусы мен сарқыраманың екпініндей лек-легімен лықсып келіп, тоқтаусыз төгілетін қазақтың небір асыл сөздерін қайта түрлендіріп,даланың ойына даналық қосып,тындарманын тәнті ететін дәрістері» туралы білуге болады. Ал бұл шығарманы оқымай бүкіл шәкірттерінің, ұлы кемеңгерді тындаған бүкіл қазақтың Мұхтар Әуезовтің көреген көсемдігіне, сұңғыла шешендігіне сүйсініп, пір тұтқан сезімін,оған деген мөлшерсіз махаббатын сезіну,бастан кешу мүмкін емес. Сондықтан Зейнолла Қабдоловтай өзі де абыз,көркем де кербез мінез иесінің өзінің ұстазына деген ұланғайыр махаббатының бір мезетіне көз жіберсек: «...Көрген жерден көзді арбап, көңілді қоса баурап әкететін ғажайып сурет- тағы да айтайын,-Әуезовтің өлшеусіз кең, керіле жарқыраған әжімсіз жазық маңдайы мен жалтыр төбеден тайғандай сусып барып самайға ұйлығып қалған – оң шекеде бір уыс, сол шекеде бір уыс- шөкім-шөкім бұлт тәрізді көк мамық шашы. Сократ маңдай деген

мандай болушы еді, сол осы екен ғой деп сүйсіндім ішімнен,кеудемдегі күллі дірілмен түйсініп», - деген ұлы тұлғаны алғаш көрген шәкірттің шабытты сәттеріндегі сурет бізге, бүгінгі ұрпаққа да тап осылай елес береді (Қабдолов З. «Менің Әуезовім» Алматы,1997.22-б). Ұстаз болмысын бар табиғи болмысымен бейнелеген академик З.Қабдоловтың бұл еңбегі мен ондағы ұстазы Мұхтарға деген мөлдір де мөлшерсіз махаббаты бүкіл бір қауым ел-шәкірттерінің, қазақ жұртының ұлылыққа тағзым етуі деп түсінсек те болғандай.

Ұстаз бен ұлылыққа ғашық болудың үздік үлгісін көрсеткен Зейнолла Қабдолов «Абай және Әуезов» атты естелігінде : «Мұншалық жан-жақтылық адамның азамат ретіндегі үш түрлі – биіктік, кеңдік, тереңдік өлшемінің асқан үлгісі біздің ұлы замандасымыздың өзгеше бітіміндегі дана да сара қасиеттердің тұтастығынан ғана туған», -деп тамсанады («Мұхтар туралы естелікте 93-б).

Енді Мұхтар Әуезовті тыңдаған шәкірттерінің бірі, мұхтартанушы ғалым Керімбек Сыздықовтың ұстазы жайлы сұхбаттарындағы сырлар не дейді.: «– Иә, біз ҚазМУ-де оқыған 50-жылдары қазіргідей оқулық атаулы жоқтың қасы еді.Оның есесіне Мұхтар Әуезовтен бастап Бейсенбай Кенжебаев, Есмағамбет Ысмайылов, Темірғали Нұртазин сияқты әдебиетшілер, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Кәкен Аханов сияқты тілшілер өздерінің жазып жүрген оқулық, зерттеулері негізінде сабақ оқыған еді. Ол кездегі студенттердің көпшілігі білім алуға өздері жапатармағай ұмтылатын», - дейді («Ұстаз шәкіртінің алдында адал болуы тиіс» деген «Евразия-КЧ» газетінің тілшісі (27.09.2007ж.) Жолдыбай Базаровқа берген сұхбатында).

Аталған ұстаздардан дәріс тыңдау бақытына ие болған шәкірттердің бәрі де кейін соларға жете қабыл талантты ұлдар болды емес пе? Білімге сусап келген шәкірттер басқа мамандықта оқитын студенттердің, тіпті оқытушылар, ғалымдар, жазушылардың Мұхтар Әуезовтің лекциясы болған үлкен аудиторияларда, залдарда толып, ине шаншар жер болмайтынын, сондай-ақ Ғылым академиясында, Жазушылар одағында М.Әуезов баяндама жасап, сөз сөйлейді дегенді сұрастырып біліп, сол жерлерге іздеп барып тыңдайтындары жөнінде де жыр етіп әңгімелейді.

« ...Мінбеден сөйлеген Мұханның лебізін талай естіген жолдастар ол кісінің алғашқы бес-алты минут, тіпті он шақты минут бойына жиі-жиі бөгеліңкіреп, булығыңқырап, тұтығып, сөйлемді не сөз тіркестерін қайта құрап тұратынын жақсы біледі.Оның есесіне Мұхан әбден қызып алған кезде қанатты сөзді қаптата жөнелер еді. Жарқ-жұрқ еткен асылдар алтын табаққа топырлай төгіліп, үйіліп жатар еді», -дейді Мұзағаң (Мұзафар Әлімбаев. «Кемеңгердің көлеңкесі де ыстық» деген естелігінде) Мұхтардың сөйлеу мәнеріне, мұхиттай терең біліміне тәнті болып.

Мұхтардың одақ көлеміндегі ірі мәжілістерде жасаған мағынасы терең, мәні зор мәлімдемелері жайлы әріптестерінің бірі А.Пантелеев: «...Речь длилась минут двадцать – фантастическое время, если вспомнить, как нетерпеливы и даже нетерпимы писательские аудитории. Проводили Ауэзова овацией. Обсуждение на том и закончилось, потому что слушатели столпились вокруг Ауэзова, поздравляя его» (106 стр.), - десе, енді бірі: «...Когда на трубине появился Ауэзов, в переполненной аудитории воцарилась тишина. Литературоведы, критики, лингвисты слушали с глубоким интересом, боясь пропустить хотя бы одно слово», - деп таңданыс білдіреді (К.Алтайский «Встреча с Ауэзовым», 75 стр). Бұл тек өз елімізде ғана емес, ол болған ,ол сөйлеген барлық одақтық, әлемдік деңгейдегі мәжілістерден кейінгі әсерден туған әңгімелер легі.

Қазақтың шешендік өнерінің қазанында қайнап,Абай сынды әулиені рухани серігі еткен Әуезов шешендік те ұдайы шыңдалып, жетілдіріліп отыратын адамда ғана болатынын, сонда ғана тегершікті қалаған жағына айналдыра алатынын о бастан аңғарып, «Зер қадірін зергер біледі» дегендей, көне дәуірден дәстүрі жалғасқан дала данышпандарынан дәріс алғаны ақиқат. «Ұстаздық – ұлы нәрсе» деген Мұхтардың мәтелге айналған сөзі « шешендік шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе» (З.Қабдолов)» екендігін және өзіндегі бұл қасиеттің ұлттық шешендік өнерінен дарығанын дәлелдейді.

Мұхтар Әуезовтің орыс тілінде еш кедергісіз көркем әрі шешен сөйлейтініне табынушы әріптестері көп болған.Соның бірі, қаламдас досы Иосиф Брагинский:

«Мухтар Ауэзов не докладывал, а рассказывал и рассуждал. Он щедро и душевно делился с аудиторией своими заветными мыслями о единстве литературного процесса всесоюзной советской литературы, приводил примеры, напоминал о художественных произведениях последних лет,убеждал, внушал необходимость действия, живых дел» , - дейді (90 стр.).

Әлемдік және мәңгілік құндылықтарды екі тілде теңдей оқып, тереңіне үңілген Абай секілді Батыс пен Шығысты бірдей танып, дүние жүзінің даналарынан дәріс алған әрі өмірге құштар өндірі жастың махаббатындай өзіне бір мезет те рухани мызғуға мүмкіндік бермейтін Мұхтардың сол меһнаттан ләззат алатыны да талай аңыз әңгімеге арқау болып келеді. Сол білім мұхитында балықтай еркін жүзетін Мұхтардың толқынды толғамды ойларын да тасқын судай толассыз толғаумен төгуі, ақтарылған ой ағынын ағынан жарылған адал сөздер одан әрмен ажарландырып, әрлендіріп, тыңдаушысын табындырып әкететіні де бар емес пе? Сөз өнерінің саңлағы бола тұра Мұхтар Әуезовтің мінсіз сөйлеу мәнеріне, шешендік шеберлігіне таң болған Сырбай Мәуленовтің сыр сандығына бір сәт көңіл аударсақ, ұлы тұлғаның ақыл-ой қазынасының қайнар бұлағына кез болғандай боламыз: «Шайханадағы әзілдерді жазып алған жөн. Тілдің асыл түйірі – халықта. Әдебиетті алдымен халық жасайды. Ақын-жазушы сол халық жасаған күмбездің іші-сыртын әшекейлі, әдемі бір әсем көрікпен безендіреді» (Мұхтар сөзі). Шешендікті де, даналықтың дәрісін де сол халықтан, ұлт тілінен алған Мұхтардың білімдарлығы жөнінде Сырбай Мәуленов «Ыстық жүрек, нұрлы ақыл» деген естелігінде былай сыр шертеді:

«Мұхқа бұл жолы әңгіменің бетін бірыңғай поэзия өлкесіне бұрды. Француз, ағылшын, неміс, испан поэзияларының өлеңдік формаларын, метрикалық өлшемдерін, ритмикалық заңдарын, строфикалық құрылыстарын, лексикалық жүйелерін, көркемдік құралдарының арсеналын ағытты...» Мұхқа үйінен сол кеште дәріс алған шәкірттердей байып қайттық (Т. Әлімқұлов екеуі) (191-б). Әдеби шыншылдық фактілер мен характерлерді, астарлы ойлар мен ажарлы сөздерді, тың теңеулерді т.б сөз маржандарын іріктеп алудың неше алуан қырлары жөнінде айтқан сөздерін Сырбай ақын:

«...Мұхқа аузынан ағытылған эпитет, метафоралар кейде көкке бойлаған көп қабатты үйлерді көз алдына алып келетін...» деп сипаттайды.

Ал Елубай Өмірзақов болса «Есімдегілер» атты естелік мақаласында: «Сонау Карл Маркс көшесіндегі үйді 1928 жылы театрға дауласып жүріп алдық. Кейін Мұхқа Әуезов бізге әдеби бөлім бастығы болып келді. Коллектив құшақ жайып қарсы алды. Келе «Қызыл бұрышқа» бөлме сұрады. Ұзындығы 12 м, кеңдігі 7 метр жарларын сөрелерге толтырып, театр өнерінің тарихы, теориясы, методологиясы, жанрлары мен белгілі қайраткерлерінің шеберлігі, орыс совет театрларындағы әрбір әйгілі әртістердің орындаушылық ерекшеліктері туралы кітаптарды том-томдап толтырды-ай келіп. Мұхқа келсе болды, күллі театр үймелесіп, сол кісінің жанына жиналады», - деп көсемдік те, шешендік те терең білімнен бастау алатынын, оның кені-кітапта екендігін Мұхқа Әуезовтің қайда жүрсе де кітап көтеріп, соны жанындағыларға жұғыстыра жүретінін айтып, шешендіктің сыры неде екендігінен хабар береді (153 б.).

Е. Өмірзақов келтіріп отырған өмір фактісі Н. Гринкевичтің («Строки, имена, судьбы». Алматы, 1988): «Каждый его приход приносил нам радость. Дружеская беседа, доброе слова, остроумная шутка - все это заставляло нас забывать от усталости и с удвоенной энергией вновь настраивать себя на рабочий лад» деп одан әрі өрісін кеңейтіп, өнегеліліктің өзіндік қырын танытады.

Тегінде заты зейінді-зерек адам ғана өз заманының зерттеушісі әрі зергері (Ф. Мүсірепов) бола алса керек. Адам мінезі мен ақыл-ой жүйесіндегі құпия қалтарыстар мен сан алуан сезімдік құбылыстарды қалт жібермей қадағалай зерттеген сөз зергері Мұхқадың ой биіктігі мен сезім тереңдігі кез-келген сөзінен танылатынына тәнті жұрт оның қолынан қалам түспейтін қасиетін де әрдайым әңгіме етіседі. Бұл деген сөз халықтағы даналықты дәнді терген құстай үнемі, үзбей іздеу арқылы өзінің шешендік өнерінің тот баспауына себепші болғандығын танытады.

Әрі десе жазушының: «Я люблю длинные фразы, это мой стиль» деген сөзі де жазу ғана емес ойлау жүйесінің өз кеңінен толғайтын эпикаға бейім екендігін танытса керек-ті.

М. Әуезов мұражайы ашылғанда келген қонақтардың пікірі қалдырылатын кітапқа алғаш қолтаңба қалдырған да жазушының сүйікті шәкірті, адамзаттың Айтматовы атанған Шыңғыстың шуақты ойлары қалғаны да қаншалықты жарасымды. Және ондағы шәкірттің шынайы сезімі де ешкімді енжар қалдыра алмасы анық. Ұстаз бен ұлылыққа деген тағзым мен құрметтің ұлы үлгісіндей: «Бұл кітаптың беташар парағын жазуды бастау маған бұйырған екен. Кім білсін, бұл да менің ниетіме жараса болған шығар. Енді мен осы жерде өзімді өмір бойы Мұхқа Әуезовтің шәкіртімін деп өтетінімді айрықша ескерткім келеді», - деген сөздер, сөз жоқ, тағлымды (Талатбек Әкімов «Даналық мәйегі». Алматы: Ана тілі, 1997.-189 бет. «Алматыда бір үй бар...» 34

б). Және де: «... өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі асылым бар: бірі - «Манас», бірі - Мұхтар Әуезов» деген сөзді де даңқты жазушы, ұлының ұлы шәкірті Шыңғыс Айтматов айтқан ғой (131-б. осы кітапта).

Олай болса, кемеңгер жазушы, ұлы ұстаз Мұхтар Әуезовтің дәрістері туралы әңгімелер әлі талай ұрпақты тәнті етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

1. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі жинақ. Алматы: Ғылым.1997.-768 бет.
2. Мұхтар Әуезов әлемі.Құрастырған Ж.Ауыпбаев. Алматы: Жазушы,1997.-352 бет.
3. М.Ауэзов в воспоминаниях современников. Алматы, 1972.